



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭТИКА НОРМАЛАРЫ ШОУ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ЖҮРМЕЙ МЕ?



Университет қабырғасындағы ұстаздар «Журналист жеке адамның өміріне құрметпен қарау керек» деген қағиданы санамызға сіңірді. Өкініштісі, қазір кейбір әріптестеріміз рейтинг жинау үшін қарапайым халық алдындағы осы жауапкершілікті ұмытып барады.

Жауапкершілік деп жұмсартып айтқанымыз, анығын айтқанда, ар-ұяттан да алыстап, этика нормаларын ескермейтін болды. Бұл туралы осыдан екі жыл бұрын депутат Дариға Назарбаева бірнеше рет айтқан еді. «Біздің масс-медиа рейтинг қуып кетті. Неге екені белгісіз, осындай ақпараттарды қызығып көретіндер жетерлік. Жағымсыз жаңалықтар беретін редакцияның рейтингісі жоғары. Егер басымдықты позитивті жаңалықтарға берсек, рейтингіміз құлайды. Өсек-аяңға үйір аудиторияны азайтудың бір жолы – мемлекеттік органдар мен БАҚ бірлесіп әрекет ету қажет», – деген.

(Соңы 6-бетте)



ТӘУЕЛСІЗДІК СУДЬЯҒА БАСШЫНЫҢ КЕРЕГІ НЕ?

2-бет



РУХАНИ ДАҒДАРЫС БӘРІНЕН ҚАУІПТІ

6-бет



КӘРІС КӨРШІНІҢ КЕГІ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



Арнабай НҮРЖАНОВ, Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының Бас ғылыми қызметкері:

«ҚОРҒАН ҚАЗАТЫНДАР ЕШКІМГЕ ЕСЕП БЕРМЕЙДІ»

– Арнабай Әбішұлы, жер қарайса барлық жерде археологиялық қазба жұмыстарын бастау әдетке айналды. Бұл іс белгілі бір жүйеместен жүргізіле ме, әлде қаржыландырушы табылса жеткілікті ме? – Бұл жағдай үлкен мәселеге айналып бара жатыр. Ә.Марғұлан атындағы Археология институтында істегеніме 35 жылдай уақыт болды. Бұрын археологиялық зерттеу жұмыстарымен біздің институт және 5-6 жоғары оқу орны ғана айналысатын. Олар жүйелі түрде мемлекеттік бағдарламамен және апараты нысандарда жұмыс істейтін.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ҮЛЕСІ ЖОҒАРЫ

БҰҰ-НЫҢ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМЫНЫҢ (ЮНЕСКО) СТАТИСТИКА ИНСТИТУТЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІНЕ ҚАРАҒАНДА, ҒЫЛЫМДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ ӨЛЕМДЕ 30%-ҒА ЖУЫҚ. АЛ БҰЛ БАТЫС ЕУРОПАДА 32,7%, ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЕУРОПАДА 40%, ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА 48%. ҚАЗАҚСТАН (53%-ДАН АСТАМ) ҰЗАҚ ЖЫЛДАРДАН БЕРІ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ӨЛЕМДЕ КӨШ БАСТАП КЕЛЕ ЖАТЫР. ҚАЗІР ЕЛІМІЗДЕГІ 17,5 МЫҢ ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫНЫҢ 9 МЫҢЫ; 5 МЫҢ ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫНЫҢ 3,1 МЫҢЫ; 1,6 МЫҢ PHD ДОКТОРЫНЫҢ 902-СІ ӘЙЕЛДЕР ЕКЕН.

Осындайда Елбасы Н.Назарбаевтың «әйел өзін сенімді сезінген жерде отбасы да берік, балалардың болашағы да жарқын» деген сөзі еске түседі. Өкінішке орай іште де, сыртта да гендерлік теңдік ұранын көтеріп жүргендер оған әлі де жете көңіл аудармай жүр. Қоғамның түрлі саласындағы және билік сатыларындағы әйелдерді түгендеушілер ғылымға келгенде көбіне үнсіз қалады. Неге әлемнің басқа халықтарына қарағанда қазақ қыз-келіншектері білім-ғылымға құ-

мар? Жалпы білім беру мекемелері ғана емес, арнайы және жоғары оқу орындары мен ғылым жолын таңдап, магистратура, докторантура, резидентурада оқып жүрген қыз-келіншектердің үлесі ерлерден басым түсіп жатқанына ой жүргізіп, сараптама жасап жүрген ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарды да көре алмай отырмыз. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне қарағанда 2019 жылы 10, 5 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйымдағы 892 мың

баланың 430 мыңы қыздар. Ондағы 97 мың педагог қауымы түгелдей дерлік әйелдерден тұрады. Ал 7, 5 мыңға жуық жалпы білім беретін мектептің 347 мың педагогының 281 мыңы әйелдер, ондағы 3,3 млн оқушының 1,6 млн-ы, 9 жылдықты бітіруші 249,7 мың оқушының 121,4 мыңы қыздар болса, 11 жылдықты бітіруші 117 мың оқушының 63 мыңға жуығы тағы да қыздар қауымы. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы 36,8 мың оқытушының 26,7 мыңы әйелдер және 475 мың студенттің де 222 мыңы қыздар. Жоғары оқу орындарына қабылданған 163 мың студенттің 88,6 мыңы, 142 мың бітірушінің 79 мыңы және 163 мың оқытушы-профессорлардың 86,8 мыңы әйелдер. 15 мың магистратураға қабылданушының 8,7 мыңы, бітірген 20, 2 мыңның 12 мыңы; 6,3 мыңнан астам докторанттың 4,1 мыңнан астамы және жаңадан қабылданған 1,7 мың адамның 1,1 мыңы, бітіруші 905 докторанттың 579-ы әйелдер.

(Соңы 3-бетте)

ҒЫЛЫМ ӘЙЕЛДЕРДІ ҚОЛДАУ ҚАЙ ДЕНГЕЙДЕ?

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, с. г. д. профессор:

– Әрине, қазақ ғылымындағы әйелдердің үлес салмағы айтарлықтай. Қазақстан ғылымының тарихына қарасақ, медицина ғылымында, тарих пен әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында әйел адамдардың қолтаңбасы қалған. Тіпті баспасөзді алып қарасақ та, журналистика саласына еңбегі сіңген әйел ғалымдар жетерлік. Мысалы, тіл білімі ғылымының негізін салуға ерекше үлес қосқан Рәбиға Сыдықова, филология ғылымының докторы Зейнеп Базарбаеваны атап өтуге болады. Ғылым тарихында әйел адамның үлесін бірнеше қырынан алып қарауға болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының шешімі бойынша 2016 жылғы 11-ақпаннан бастап Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні аталып өтіліп жүр. Соңғы 15 жылда дүниежүзі бойынша нәзікжандыларды ғылымға көбірек тарту мәселесіне көңіл бөліне бастады. Мұндай қажеттілік қайдан туды? Жалпы, ғылымдағы әйелдердің үлес салмағы қандай?

Талғат ЖАНЫСБАЙ, Республикалық жоғары медициналық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарихшы:

– Ғылым саласы еріккеннің ермегі емес. Ғылымға келмес бұрын «менің ғылыми еңбегімнің адамзатқа пайдасы тие ме екен?» деген сұрақ қою қажет. Себебі қоғамдағы кез келген саланың ілгерілеуі мен дамуына өз ісінің мықты мамандарының ғана үлесі орасан болады. Ал ғылыми атақтары бар, бірақ жасап жатқан ісі жоқ тұлғаларды ғалым деп атау қисынсыз. Ғылымда бір ғана критерий бар: ғылымға айрықша қызығушылық, адалдық таныту. Сондай-ақ ғылым саласындағы бәсекеге төтеп беру мен көп ізденіп, ғылымға үлес қосу, қоғамның қажеттілігіне жұмыс жасау. Бізде «ғылым керек, ғылымды қолдаймыз» дейді. Бірақ, ғылым саласына деген қамқорлық әлі де ғалымдардың ойындағыдай жүзеге асырылып жатқан жоқ.

(Соңы 3-бетте)

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

Қарағанды университеті, қанша қазақ баласының білім қайнарынан нәрленіп, қабырғасынан қатайып шығуына ұйытқы болған қасиетті қара шаңырақ. Осы білім ордасынан есімі ел тарихында қалған қаншама тұлғалар шықты, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесін қаласып, оған сүбелі үлесін қосқан және қосып жүрген қаншама білікті мамандар қанаттанып, үлкен өмірге аттанды. Мен тілге тиек еткелі отырған Ахаң – Ақжан Ештай да осы қасиетті қара шаңырақтың түлегі еді.

«Еді» деген сөзді ауыр да болса айтуға тура келіп отыр, өйткені ол 2017 жылы Алматы қалалық сотының төрағасы қызметін атқарып жүрген кезінде кенеттен келген ажалдан бақылық болып, мәңгілік мекенге аттанған. Небары 56 жыл ғұмыр кешкен Ақжан Жайлауханұлы сол өмірінің отыз жылдан астамын сот саласына арнаған екен. Айта кету керек, ол мектепті алтын медальмен, университетті қызыл дипломмен бітірді. Осының өзі көп нәрсені аңғартып тұрғандай. Аталмыш оқу ордасында оқып жүргенімізде ұстаздардың аузынан Ақжан Ештай туралы біраз мақтау сөз естігенім, сонымен қатар оқу орнының көрнекті жеріне орналасқан «Біздің мақтанышымыз» деп аталатын фотостендте Ақжанның суреті көпке дейін жарқырай көрініп тұрғаны да есімде қалыпты.

Зулаған өмір алды-артымызға қаратпай, мен де қасиетті ҚарМу-ді бітіріп, еңбек жолымның алғашқы баспалдағын адвокаттар алқасындағы қызметпен бастадым. Бірте-бірте өз мамандығымның қыр-сырын меңгере келе аудандық, облыстық сот алқасына мүше болып, сатылап өсу кезеңдерін бастан өткердім. Мінеки, сол шақта республикалық соттар жиындарына қатысу құрметі бізге де бұйырып, сондай келелі басқосудың бірінде Ақжан Жайлауханұлымен бетпе-бет кездесіп танысқан едім. Бұл 2000-жылдардың басы болатын.

Сабырлы мінезі, саликалы ұстанымы бір көргеннен-ақ көп сөйлемейтін, сөйлесе мәнді, нақ сөйлейтін біліміне біліктілігі сай азаматтың бейнесін анық аңғартып тұратын. Жас мөлшерімізде оншалықты үлкен айырма жоқ болғандықтан, сөзіміз жарасты. Сөз арасында ол менің жұмыстарыма аздаған жылы пікірін білдіріп өтті. Соған орай мен де ризашылығымды жеткіздім. Алғашқы жолығысуымыз, оның үстіне жаңа айтып өткенімдей Ақжан Жайлауханұлының көп сөзге жоқтығы ашылып ары-беріге баруға мүмкіндік бермегендей еді.

АҚЖАННЫҢ АҚ ЖОЛЫ



Қызмет бабына қарай Ақжан Ештай Қазақстанның біраз өңірінде жоғары лауазымдарды атқарды. Там-тұмдаған таныстығымызға қарамастан мен оған сырттай тілектестік ниетте жүрсем, ол да маған осындай пейілде болыпты. Мұны ол Жоғарғы Соттағы қызметте жүрген кезіндегі кездесуінде айтты. Қазақ мұндайда «Бәрекедлі жігітке» – демейтін бе еді, маған деген ақ адал пейіліне кәдімгідей марқайып қалдым.

Білім-білігіне, ақыл, қайратына ғана сүйенген заң саласының жоғары беделді маманы ретінде мойындалған Ақжан Ештайдың қайда жұмыс атқарса да, көпшілік құрметіне бөленіп, қай ортаның болсын төрінен орын ала беретіні неден? Өйткені, оның бойына ана сүтімен дарыған мінезі, жастайынан ата-анадан алған тәрбие-өнегесі шынайы азамат болып қалыптасуын қамтамасыз етті. Мынаған қараңызшы, Ақжанның орта мектепті алтын медальмен бітіруі, жоғары оқу орнын үздіктер қатарында аяқтап, қызметке аяқ іліктіргенінен бері қарай, барша еңбектенген жерінде әділдік туын аласартпай, өзінің азаматтық тұлғасына кір шалдырмай келуі тектілігінен емес пе? Ақыл-парасатпен елге қызмет етуде әлсізге болысып, әсіре белсенділердің ақиқат жолымен аптығын басуды керекті іс деп білді және өмірінің соңына дейін осы принципті ұстанды.

2009–2013 жылдар аралығында Ақжан Ештай Ақмола облыстық сотының төрағасы қызметін атқарған кезде қанша іс-шараға мұрындық болды?! Бұл сөз жоқ, оның ықтияттылығы мен жауапкершілікті жоғары қоя-

тындығынан екені даусыз. Мен 2017 жылы Шығыс Қазақстан облысынан Ақмола облыстық сотының төрағасы лауазымына ауысып келдім. Сонда сот ғимараты алдындағы қазақтың мәртебелі тұлғалары, дала көсемдері атанған Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің тастан қашалған алтын түсті сәулеті ескерткіштері маған ерекше әсер еткен еді. Мұны белгілі заңгер, осында төраға қызметінде жүрген кезінде Ақжан Ештай жасатқан екен. Ақыл-парасаты жүзінен төгілген бұрынғы даңқты билер мүсінінің мүлтіксіз шығуына бүгінгі билердің бірегейі Ақжан Жайлауханұлы бар қабілет-қарымын, күш-жігерін аямай жұмсағанын анық бағамдауға болатындай. Облыстық соттың әрбір судьясы ғимаратқа кірген-шыққан кезінде данагері үш бидің сәулетті бейнесі көз алдарында тұрып, адам тағдырын таразылауда бұра тартуға болмайтынын, әділдіктің ақ жолынан айынамау қажеттігін әрдайым еске салатындай көрінеді.

Ақмола сотында жүрген шағында жергілікті ақсақалдармен тығыз қарым-қатынас орнатып, олармен елдік мәселелер төңірегінде пікірлесіп ортақ шаруалардың шырайын келтіріпті. Сол сияқты журналистермен Ашық есік күндерін, сырласу сұхбаттарын өткізуді де берік дәстүрге енгізіпті. Сол жылдарда ақпарат құралдарында Ақмола облысының соттары жайында көптеген мақалалар жарияланып, бейнефильмдер түсірілгені осыны дәлелдейді. Ұлтының болашағын ойлайтын жан өзінің ар-ұятына сеніп іс жасайды. Ақжан әріптесіміз ана тіліміздің мерейін өсіру жолында намысына қамшы

басып, орысшасы ормандай сыңсыған елдің бетін мемлекеттік тілге бұруда қомақты жұмыс жасады, яғни сендей сірескен істі барынша жұмсартып, жұрт тосқан жақтан көріне білді. Көгілдір Көкшеде оның көзін көргендер арасында «Ақжанның ақ жолы» деген мақал мәндес сөз тіркесінің қалыптасуы осыны көрсетеді. Өз кезінде мемлекетіміздің мерекелік медальдары мен Алғыс хаттарына ие болуы, оның елеулі еңбегінің жемісі әрі жеңісі екені анық.

Өкінішке орай, 2017 жылы Ақжан Жайлауханұлы өмірден мезгілсіз өтті. Осындай іскер азамат өмірінің кенеттен тоқтап қалуы оны білетін талай жақсы мен жайсаңға оңай соққы болған жоқ. Небары 56 жасында дүниеден өткен Ақжан Ештайдың еліміздің заң саласына қосқан үлесі аз емес. Еңбегі де, есімі де ел есінде ұзақ уақыттар сақталарына шүбә жоқ. Егер көзі тірі болса, биыл 5 ақпанда Ақжан Ештай 60 жасқа толар еді. Десе де, «Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» дегендей, оның еңбегі, соңында қалдырған жақсы істері жұртшылықтың есінде.

Осы орайда, Ақмола облыстық сотының бастамасымен Ақжан Ештайды еске алу құрметіне «Ақжанның ақ жолы» атты кітапты шығарып, тұсаукесерін өткіздік. «Ақжанның ақ жолы» естеліктер жинағы ҚР Жоғарғы Сотының судьясы, бірқатар облыстарда сот төрағасы болған, сот саласында отыз жылдай еңбек еткен Ақжан Жайлауханұлының 60 жылдық мерейтойына арналды. Кітап үш бөлімнен тұрады. Онда Жоғарғы Сот судьясы, облыстық, қалалық соттар төрағасы Ақжан Ештайды еске алу мақсатында әріптестері мен жолдастарының естеліктері, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары, жиындарда сөйлеген сөздері, баяндамалар мен фотосуреттерден жиналған материалдар топтастырылып, жарияланды. Осылайша, Ақжан салған ақ жол жалғасын тауып, уақыт көшімен ілгері кетіп барады.

Иә, Ақжан бауырымыздың ел есінде сақталып, жұртшылық құрметіне бөленген екініші – естелік өмірі басталды. Әлі ол туралы талай кітаптар жазылып, бейнебаяндар түсірілетініне сенім мол. Өйткені жақсының есімі ел есінде әрқашан сақталары анық.

Досжан ӘМІР,
Ақмола облыстық сотының
төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

БІТІММЕН БІТКЕН ІС БЕРЕКЕЛІ

«Медиация» туралы заңның қабылданғанына он жыл. Бұл заңның қолданысқа енуіне Жоғарғы Соттың ұйытқы болғаны белгілі. Бүгінге дейін заңды насихаттап, дауды бітімгершілікпен аяқтаудың маңызын түсіндіру мақсатында көптеген жұмыс атқарылды. БАҚ-та мақалалар жарияланып, дөңгелек үстел, семинарлар өткізілді, медиация заңын қолданумен аяқталған істер туралы ақпараттар әлеуметтік желілерде кеңінен таратылды.

Соған қарамастан дауды бітімгершілікпен шешуге ынталылар саны аз, соның кесірінен істі сотқа жеткізбей кәсіби медиаторлар көмегімен шешу баяу жүруде. Ол туралы өткен жылы ел Президенті Қ.Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында айтқан болатын. «Дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажет. Бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашады. Дамыған елдерде мұндай институттар өзін-өзі таныта білуде» деген Мемлекет басшысы «Қазіргі кезге дейін бірде-бір мемлекеттік орган оның даму мәселесімен айналысқан емес. Айқын мемлекеттік саясат байқалмайды. Бұл жағдайды реттеп, кәтелікті жөндеу керек» деп қатаң тапсырғаны есімізде.

Жалпы, медиация заңын одан әрі жандандырып, артықшылығы мен тиімділігін көпшілікке жеткізудің маңызы зор. Аталған заңның қолданысын кеңейту үшін, сот жүйесінен бөлек, басқа да мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар да медиацияға қызығушылық танытып, қолдауға септігін тигізу қажет.

Біздің сотта 2020 жылдың аяғында 43 азаматтық іс қалдық ретінде 2021 жылға ауысты. Осы істердің 25-і аяқталды. Оның ішінде 10 іс шешім шығарумен, 11 іс медиация заңының аясында, медиациялық келісіммен, 4 іс талап арыздан бас тарту арқылы шешімін тапты. 18 іс қаралу үстінде. Демек қалдықта болған 43 істің 11-інде, яғни 25 пайызында тараптар бітімгершілік арқылы келісімге келген. Яғни келісіммен аяқталған даудың орындалуы да тараптарға ыңғайлы болары сөзсіз. Осы медиациялық келісіммен аяқталған істің 9-ы несие шарты бойынша қарыз ақшаны өндіру туралы, 1-уі жеке меншік құқығын тануға қатысты, ал 1-і неке бұзу ісі еді.

Тосқан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Ел ішінде дау көбейсе, ел шетінде жау көбейеді» – деген нақыл сөзді басшылыққа алып, дау болған кезде ашуға ерік бермей, ақылға тоқтап, мәселені байыппен шешуге тырысайық. «Бақ қайда барасың десе, ынтымақты елге барамыз» деген екен. Сондықтан бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан ел болайық.

Е. БЕГЕНОВ,
Түпқараған аудандық соты
төрағасының міндетін атқарушы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БАЗЫНА



Еліміз егемендік алғалы бері сот саласында күрделі реформалар жүрді, олардың барлығы дерлік сот жүйесінің жұмысын оңтайландыруға жұмылдырылды және бұл процесс үздіксіз жалғасып келеді.

ТӘУЕЛСІЗ СУДЬЯҒА БАСШЫНЫҢ КЕРЕГІ НЕ?

Сот – мемлекеттегі негізгі құқықтық институт. Әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың табысты болуы көп жағдайда құқықтық институттарға тәуелді. Сондықтан сот жүйесінде туындаған өзекті мәселелер әрқашан мемлекеттің және бүкіл қоғамның назарында.

Президент Қ.Тоқаев республика судьяларының VIII съезінде сот тәуелсіздігінің мәніне тоқталып, оны әділетті сот төрелігі мен азаматтардың сотқа деген сенімін арттырудың негізі деп көрсетті. Бұған дейін өткен съездерде сот жүйесі, судьялар алдындағы мақсат, міндеттер анықталғанымен, осы жүйенің және судьяның тәуелсіздігі туралы сұрақ көтерілмеген. Бәлкім, ондай қажеттілік тумаған болар.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға бағынады, бұл Қазақстан Конституциясының 77-бабының 1-бөлігінде көрсетілген. Азаматтар үмітінің ақталуы, әділеттілікке деген сенім судья қызметімен тығыз байланысты. Соңғы кездері әлеуметтік желілерде сот төрағаларының судьяларға қысым көрсететіні, қаралып жатқан істерге ықпал етуге тырысатыны туралы жиі айтылады. Соған қарап отырып, осы сот төрағасының және алқа төрағасының қызметі қазіргі таңда қажет пе деген сұрақ туындайды. Менің пікіріммен әріптестерім келіспеуі де мүмкін.

Сот және алқа төрағалары әрбір бес жылдан жаңа мерзімге тағайындалады. 2019 жылдан бастап төрағалар екі реттен артық төраға болып тағайындалмайды. Сот төрағалары, бұрын заңдарға, салалық құжаттарға және сот

жүйесінде қалыптасқан тәжірибеге сай, сотқа түскен істерді судьяларға қарау үшін бөлетін, сот кеңесінің жұмысын қадағалап, сот жұмысының есебін жасайтын, сот тәжірибесін қалыптастыру жұмыстарын жүргізетін. Қазіргі таңда бұл тәжірибе өзгерген, сот төрағалары сотқа түскен істерді бөлу жұмысына араласпайды, бұл техникалық жұмыс компьютер арқылы жүзеге асырылады. Сот жұмысының есебін жүргізу кеңсе меңгерушісінің міндетіне жүктелген, ал облыстық соттарда арнайы мамандарға жүктеліп, сот есебіннің дұрыстығын қадағалау облыстық / қалалық / соттар жанындағы Соттар әкімшісінің құзырына берілген.

Егемендік алған уақытта азаматтық-құқықтық қатынасты реттейтін заңдар болмағандықтан сот тәжірибесін қалыптастыруда судьялар жұмысында біршама қиындық болған, оны жасырудың қажеті жоқ. Сол кезде сот төрағасының және алқа төрағасының бірінші тәжірибе қалыптастыруда ықпалы болды. Ал, қазіргі уақытта сот тәжірибесінің біртектілігін қалыптастыру ҚР Жоғарғы Сотының құзырында. Сот тәжірибесінің біртекті қалыптасуына Жоғарғы Сот тарапынан қабылданып жатқан Нормативтік қаулылардың маңызы зор, сонымен қатар қолданысындағы «Талдау» бағдарламасының да едәуір көмегі бар.

Азаматтық процесстік кодексте қабылданған сот қаулысы соттардың құқық нормаларын түсіндіруіндегі және қолдануындағы бірізділікті бұзатын жағдайларда, күшіне енген сот актісін қассациялық тәртіппен қайта қарауға

негіз болатыны көрсетілген. Яғни, мұндай заңбұзушылыққа баса назар аударылатыны анықталған. Аталған қызметтер сот және алқа төрағасының құзырынан шығарылғандықтан, сот жүйесіндегі төраға мен алқа төрағасы қызметінің қаншалықты қажеті бар, бұл қызмет қазіргі уақытта мақсатын ақтай ма деген сұрақ туады. Сонымен қатар, төрағаларды сайлау үшін конкурс жарияланады, ол қызмет айлап бос болады, оның міндетін сол соттың судьясы атқарып отырады. Демек, сот төрелігін уақытты және әділетті атқаруды сот төрағасынсыз да судьялар жүргізе алады.

Сот және алқа төрағаларының орнына сол сотта жұмыс істейтін судьялардың бірін басшы немесе үлкені етіп қатарынан бір немесе екі жылға сайлауға болады. Әрине әріптестер, өз арасынан тәжірибесі мол, білікті, адамгершілік қасиеті жоғары судьяны таңдайтыны күмәнсіз. Басшы судья бір-екі жылда ауысып тұратындықтан, оның тарапынан басқа судьяларға үстемдік немесе қысым көрсету негізі жойылар еді. Онда неге сол мүмкіндікті судьяларға бермеске? Республика судьяларының VIII съезі қаулысының 3.23 бөлімінде жыл сайын төраға қызметін ротация жасау пилоттық жобасын енгізу көзделіпті.

Елбасы Н.Назарбаев 2009 жылы өткен V съезде сот төрағаларының ротациясын жиі енгізуді, сол сот судьяларының қатарынан жүргізуді атап көрсеткен болатын. Ол жоспардың жүзеге неге аспағаны беймәлім. Сол уақыттан бері 11 жыл өтсе де, әлі де бұл сұрақты қанатқақты жобаға енгізбепкіз. Мүмкін осы тұста күнделікті сот төрелігін атқарып отырған жергілікті сот судьяларының пікірін де ескеру қажет болар.

А.САҒЫНДЫҚОВА,
доғарыстағы судья

САРАП



ҒЫЛЫМДАҒЫ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ҮЛЕСІ ЖОҒАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өркениеттер қақтығысы отбасылық құндылықтарды өзгертуде

Сак, түркі дәуірлерінен-ақ «қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» деген ұғымды өмірлік ұстанымына айналдыра білген ата-бабамыздың «Қыз өссе – елдің көркі», «Қызы бардың назы бар» деуі тегін емес болатын. Сондықтан да олардың білім алып, өнер-ғылымды меңгеруіне барынша қолдау жасап отырды. Алайда «Қызға қырық үйден тыйымның» мән-маңызын ескермей, оны адам құқын шектеу деп ұғынып, барлық жерде «гендерлік теңдік» орнатушылардың ешбірі тарихы мен мыңдаған жылдық мәдени мұрасын мақтан ете алмаса да, өздерінің жасанды өркениеті мен мәдени, қоғамдық және саяси құндылықтарын өзгертпе де мойындаптып, таңдау ешнәрседен бас тартпай отыр. Мәдениеттер мен өркениеттердің бұл қақтығысы материалдық құндылықты рухани құндылықтан жоғары қоятындардың пайда-сына шешілуде. Сондықтан әлемдегі әрбір үшінші әйел айналасындағы ер адамдардан тұрмыстық зорлық-зомбылық көріп жатыр. Олардың әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық, саяси және экономикалық құқықтары дамушы және артта қалған елдерде әлі күнге дейін тиісті деңгейде қорғалмайды деп жүргендер гендерлік теңдікті БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі басым бағыттарының да қатарына енгізді. Оған қол қойған мемлекеттер әйелдердің үлесін барлық салада арттыруға міндеттеме алып, оның орындалуы бойынша халықаралық қауымдастықта есеп беруге мәжбүр. Ал халқының сауаттылығы 99 пайызды құраса да, патшалық және кеңестік дәуірдегі отарлық идеологияның салдарынан ұлттық құндылығының көбінен айырылған халықтың өмір сүру салты бүгінде мұнда өзгерді. Ері әйелін, әйелі ерін тындамағандықтан отбасында балалар өзге тұрмақ өз ата-анасын жүре тындайтын жағдайға жетті. Бір кездері жесірі мен жетімін жылатуды өзіне намыс санайтын халық бүгінде ажырасу жағынан ғана емес, өз баласынан не ата-анасынан бас тартып, көшеде қаңғыртып қойса да жауапкершіліктен сытылып кетуге тырысып, ол үшін еш арланбайтын боп бара жатыр.

Бір кездері ғылымда жүрген қыздардың мәнасп пен қызмет қуып тұр-мысқа кеш шығып жатқанына мерзімді басылымдар арқылы алаңдаушылық танытатындар бар еді. Қазір ешкім ешнәрсеге алаңдамайды, ешкім ешнәрсеге таңырқамайды. Себебі, өздерін демократиялық, зайырлы мемлекет санайтын АҚШ пен Еуропа елдерінің құндылықтары бойынша әйел әйел болудан, еркек еркек болудан жалықса оп-оңай жынысын да өзгерте беретін болды. Ал азаматтық, қоғамдық санасын дамытудың орнына, өзінкін ғана жөн санап, әркімнің таңдау еркіндігі бар деген ұранның жетегінде жүргендер үшін – ұлт, діл, дін, тіл, отан, отбасы, мемлекет ұғымдарының мән-маңызы екінші, үшінші сатыда тұр. Сондықтан ғылымда ғана емес, қоғамның барлық саласында, тыныс-тіршілігінде мынау ерлердің, мынау әйелдердің жұмысы, тірлігі дейтін ештеңе қалған жоқ. Сананы тұрмыс билеген заманда еркектің бала күтімі үшін демалыс алып, үй тірлігімен айналысуы, ал әйелдің отбасын асырау үшін қан аркалап базар жағалауы Мәңгілік ел болуды мұрат тұтқан елде құптайтын нәрсе емес. Бір кездері табысы аз болса да, тұрақты жұмыс орны болғандықтан білім-ғылым саласын жағалап кеткен қыз-келіншектерге отбасын құрып, өмірге бала әкеліп, халық санын көбейткені үшін әлеуметтік қоғамның қолдауын ұлғайтып, мәртебесін заңмен бекітетін болса одан қоғамның айнасы іспеттес әйелдің абыройы өспесе, кемімейтіні болды. БҰҰ жүйесіндегі түрлі ұйымдардың зерттеуіне қарағанда, қазір әлемде жұмыс істеп, отбасының жағдайын түзеуге атсалысқысы келетін әйелдердің үлесі 70 пайызды құрап отыр. Егер әйел заңына отбасында ғана емес, бүкіл мемлекетте кішкентай кезінен бастап – қыз қонақ, ел мен елді жақындатып, даңқын асыратын болашақ әйел, ана деп қарап, бүкіл тәлім-тәрбиесін ұлттық, мемлекеттік құндылық ретінде қарастырып, қорғауға алатын болса кез келген елдің мәдениеті артып, оп-оңай дамудың сара жолына түсері анық.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
«Заң газеті»

МӘСЕЛЕ

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗГЕ МҰҚИЯТ БОЛЫҢЫЗ!

2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап салық тіркеуші нөмері орнына жеке сәйкестендіру нөмері қолданысқа енгізілген еді. Жеке сәйкестендіру нөмері (ЖСН) – Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің бет жағында орналасса, төлқұжаттың 32-бетінде тұрады. Жеке сәйкестендіру нөмерін енгізудің басты мақсаты белгілі бір тұлғаға қатысты мәліметтерді тіркеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыру. Аталған нөмер жеке куәліктерге 1997 жылдан бері басылып жүр. Яғни, мемлекеттегі кез келген азаматтың тұрғылықты мекенжайына қарамастан жеке басын куәландыратын құжат болуы тиіс. Хош. Негізгі мәселеге көшелік. Бүгінде заманауи технологияның көмегімен алаяқтықтың жаңа түрі белең алып барады. Солардың бірі осы жеке тұлғаларға берілетін сандық код – ЖСН арқылы жасалатын алаяқтық.

Азаматтардың алаяқтарға ұрынуына себепші болған ЖСН-ді Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушіні іздеу» қызметі арқылы білуге болады. Бар болғаны қажет азаматтың аты-жөнін білсеңіз болды. Керек адамның фамилиясын тересіз, робот емес екеніңізді дәлелденгеннен соң бірер минуттан соң ЖСН шыға келеді. Бұл сервис кері тәртіппен де жұмыс істей береді. Яғни, қолыңызға алдымен ЖСН түссе ол азамат туралы деректі анықтау қиынға соқпайды. Осы ретте, жеке сәйкестендіру нөмері мен басқа да жеке, дербес мәліметтер туралы және оларды қалай сақтау жөнінде бірнеше маманның пікірін білдік.

Маман пікірі:

Нұрсұлтан Роман, IT маманы

ЖСН ар азаматты код арқылы танып білуге арналған арнайы жүйе екені түсінікті. Жеке куәлік арқылы жасалатын алаяқтықтан сақтану үшін ЖСН-ді интернет желісіне жүктемеңіз. Қатты қауіптілік болмаса сурет арқылы басқа біреуге жібермеңіз. Жібергеннің өзінде өшіріп тастауын сұраңыз. Алаяқтар жеке мәліметтеріңізді пайдалану арқылы сіздің атыңыздан микрокредит алып, сізге қателесіп ақша жібергенін хабарлап, алаяқ өз картасына ақшаны қайтарып жіберуін сұрауы мүмкін. Ойламаған жерден картаңызға ақша түскен соң расымен солай деп ойлап қаласыз. Бұндай жағдайда алдымен банк қызметкеріне хабарласып ақшаны қайдан, қалай түскенін анықтап алып, ақша түскен шотқа қайта қайтаруын сұраңыз.

Басқа азаматтың телефонынан немесе компьютерінен жеке құпия сөз арқылы кірмеуге тырысу керек. Жеке кабинетке кірген жағдайда құпия нөмеріңізді өшіріп жүрсеңіз жеке мәліметтеріңізді компьютерді немесе ұялы телефоны қолданған келесі азамат пайдалана алмайды. Жеке құпия сөзді қазіргі таңда көпшілігі өзіне қатысты, жақын туыстарының туған күнін, жылын, айын қойып жатады. Осы жерде ескеретін жәйт, тек сандардан тұратын құпия сөз таңдамаңыз, яғни мүмкіндігінше, өзіңізге қатысты жоқ сан, әріп және таңбадан құралған құпия сөз қолданыңыз. Құпия сөзді таңдаудың ең оңай жолы компьютерде кириллица әріптерінен құрастырылған сөзді латын әріпін ауыстырып терген дұрыс. Кибералақтардан сақтанудың басты жолы осы. Кел келген ақпараттың рас-өтірігін анықтау үшін банк қызметкерлеріне, соған қатысты мамандарға хабарласып анық-қанығын анықтап алғаныңыз жөн.

Қазір көптеген мекемеде компьютерге жеке карта арқылы кіру тәжірибесі сына-

лып жатыр. Әрбір картада қызметкерге бекітілген код-кілт болады. Компьютерде кардридер жалғанып, оған картаны жүктегеннен кейін барып компьютер қосылады. Сол арқылы әрбір компьютерді қай қызметкер қолданып отырғанын білуге болады. Бастысы, қызметкердің қызметіне сәйкес қосылу деңгейі бар. Кейбірінің барлық жерге шексіз мүмкіндігі болса, кейбіреуінде тек Word, Excel құрылғыларын пайдалануға ғана рұқсат берілуі мүмкін. ЖСН мен жеке құпия сөз сақталмауын қадағалау қажет. Көпшілігі браузерде құпия сөзді қайта термеу үшін «сақтау» сілтемесін басады.

Мәди ЖОМАРТҰЛЫ, заңгер:

Жеке сәйкестендіру нөмері секілді азаматтың басқа да жеке деректері заңмен қорғалады. 2013 жылы 21 мамырда қабыл-

Жеке дербес мәліметтеріне, құжаттарына салғырт қарап, танымайтын адамға бере салудың өзі сауатсыздыққа жатады. Әккі алаяқтар көбінесе зейнеткерлерге телефон арқылы хабарласып, алдап кетіп жатады. Мемлекеттік органдар, құқық қорғау органдары дербес деректерді сақтауға міндетті ұйымдар мен құзырлы органдар тарапынан халыққа, әсіресе, әлеуметтік жағдайы төмен азаматтарға жеке деректерін құпия сақтау түсініктерін жиі жүргізу керек.

Мысалы, егде жастағы азаматтар Азаматтарға арналған үкімет орталығына барып, электрондық цифрлық қолтаңбаны алып делік. Алған кезде берілетін құпия сөз барлығында бірдей болады. Азамат оны өз қалауынша өзгертіп ала алады. Бірақ көбісі оны өзгертуді ұмытып кетеді немесе қалай өзгертетінін білмейді. ЭЦҚ бар



данғарнайы «Дербес деректер және оны қорғау» туралы заң бар. Ол заңда дербес деректердің және оларды қорғаудың қалай жүзеге асыратындығы, жеке дербес деректерді қалай жинап, сақтайтындығы және ол деректерді кімнің жинауға мүмкіндігі бар екендігі мен жария болмауы секілді жауапкершілік туралы толық қамтылған. Тіпті, дербес деректерді қорғау заңнамасын бұзу деректері бойынша қылмыстық жауапкершілік те көзделген.

Кез келген адамның жеке, дербес деректері жұмыс берушіде, зейнетақы тағайындау органдарында, банктерде, ұялы телефон оператор қызметкерлерінде сақталады. Аталған ұйымдардың барлығы да заң аясында дербес деректерді мұқият жауапкершілікпен сақтауға, қорғауға міндетті және басқа тұлғаның қолына түспеуіне жауапты. Егерде аталған мекемелер заңмен бекітілген міндеттеріне салғырттық танытып, жеке деректеріңіз басқа тұлғаның қолына түсетін болса қылмыстық жауапқа тартылады. Ол Қылмыстық кодекстің 147-бабы бойынша жеке өмірге қол сұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу деп аталады. Бұл бап дербес деректерді қолдану міндеті жүктелген адамның деректерді сақтамауы азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірсе құқықтық жауапқа тартылады. Тіпті 2 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Бұдан бөлек осы бапта дербес деректерге қолсұғушылық, заңсыз жинау, сақтау, тарату сияқты әрекеттер үшін де жаза бар.

Алаяқтық қылмысы Қылмыстық кодекстің 190-бабымен сараланады. Жеке деректерді пайдаланатындар да осылар. Келтірілген залалдың көлеміне, қылмыстың жасалуына және қылмыс жасаған азаматтың бұрын- соңғы сотталған немесе сотталмаған жағдайына сай әртүрлі жазаға тартылуы мүмкін. Қарапайым тілде айтар болсақ, айыппұл салумен басталып, тәрқақтарына байланысты ең ауыры 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

флешка немесе компьютерде сақталған құпия сөз біреудің қолына түсетін болса сіздің жеке мәліметтеріңізді біліп алу оп-оңай. Соны пайдалану арқылы несие, интернет арқылы сауда жасау секілді әрекеттерге барады.

Азизхан ЖҰМАБАЙҰЛЫ, Орал қаласының №2 сотының судьясы:

Орал қаласының №2 сотында қаралған азаматтық іс бойынша, онлайн қарыз беруші компаниядан қарыз алушы – жеке тұлғадан қарыз сомасын өндіру туралы талап арыз келіп түседі. Істі қарау барысында, қарыз алушы – жеке медициналық клиника дәрігері екендігі, оның компаниямен ешқандай шарт жасасағандығы, қарыз алмағаны анықталды. Жауапкер жеке дербес мәліметтерді өзіне таныс емес үшінші тұлғаға берген. Толығырақ айтсақ: үшінші тұлға біраз уақыт жұмыссыз жүріп, ақшадан қысылған соң заңсыз әрекет жасаған, яғни, медицина орталығына барып, сол жерде жұмыс жасайтын дәрігерлерді, «арзан бағада, тіпті сіздер үшін тегін журналға әр дәрігерге қатысты жарнама ретінде мақала шығарамыз. Ол үшін орталықта жасайтын барлық дәрігерлердің жеке мәліметтері, жеке суреттері қажет болады» деп өзіне керекті барлық суреттерді, жеке куәліктің көшірмесін түсіріп алады. Жеке, дербес деректердің барлығын онлайн түрде қарыз алу үшін арыз берген кезде суреттерді тіркейді де, медициналық орталықтан жазып алған жеке куәлік нөмерлерін көрсетеді. Бірақ, телефон мен шот нөмеріне үшінші тұлға өзінің нөмерлерін жазыды. Осылайша, «кредит» дәрігердің атынан алынады. Алайда ақша үшінші тұлғаның шотына түседі. Іс барысында айыпты біраз адамды осылай алдағанын, жалпы, кінәсін толық мойындады. Нәтижесінде, онлайн кредит берген компания алында ақшаны өзі төлейтін болып медиациялық келісіммен іс жабылды. Осындай заң бұзушылықтың құрбаны болмас үшін, жеке басты куәландыратын құжаттарға абай болған жөн.

Гүлжанат СЕМБАЙ

ҒАЛЫМ ӘЙЕЛДЕРДІ ҚОЛДАУ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

ОЙ ТАЛҚЫ



Гүлмира СҰЛТАНБЕВА, ал-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, с.ғ.д. профессор:

отыратындықтан, бос уақыты салыстырмалы түрде аз. Өзінің де ғылыммен айналысатын кезде күн мен түнді ауыстырып, зерттеулер жазған кезім болды. Сондықтан да ғылым саласында жүрген әйел адамдарды құрметтеймін. Және де бұл саладағы азаматшаларға қазақ қоғамында ғылыммен айналысуға қай жағынан алып қарасақ та мүмкіндік бар деп айтқым келеді.

Үшінші мәселе, ғылым саласында жүрген азаматшаларға үкімет тарапынан қолқорлық болса деп ойлаймын. Себебі, ғылыммен айналысатындардың жалақысы төмен. Одан кейін әйел азаматтардың халықаралық, я болмаса мемлекеттік ғылыми жұмыстармен айналысуларына қолдау қажет. Мәселен, ғаламдық деңгейде әйел адамдардың ғылымдағы алатын орны ерекше. ЮНЕСКО-ның өзі әйел ғалымдарға арнап арнайы премия жариялайды. Осындай мүмкіндік бізде де болса екен деп ойлайсың. Елімізде жылына бір рет ғылыми мемлекеттік стипендиялар тағайындалады. Ол жерде жас ғалымдарға, көрнекті ғалымдарға деп бөлек қарастырады. Дегенмен, қазақ әйелдерінің ғылым саласындағы үлесіне қарай осындай ұлттық негізде марапат енгізсе жақсы болар еді. Сондай-ақ, ғылымда жүрген әйел азаматтарға түрлі әлеуметтік пакеттер, оның ішінде денсаулықты сақтауға арналған қолдаулар көрсетілсе деген ойым да бар.

Талғат ЖАНЫСБАЙ, Республикалық жоғары медициналық колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарихшы:

– Бұл менің ғана емес, көп адамдардың да ойы деп білемін. Әрине, ғылымды ілгерілету үшін жұмыстар атқарылуы. Сонымен қатар, әйелдер мен қыз балалардың ғылымға толық әрі тең қол жеткізуді және олардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, ғалым әйелдерге демеу көрсетуге, олардың ғылым мен техника саласындағы ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуын қолдауға бағытталған жұмыстар да бар. Бірақ, нақты көрсеткішке уақыт керек.

Соңғы тенденция бойынша, қыз балалардың білім алуы жоғарғы деңгейде. Әрине өз кезегінде әйел адамдарының ғылымға қосып жатқан үлесі жоқ емес, бар. Еліміз бойынша білім және ғылым саласында әйелдер үлесі басым екені де анық. Жақында Білім және ғылым министрлігі осыған байланысты жаңа мәліметтерді жария етті. Ақпарат көзіне сүйенсек, 11,3 мыңнан астам нәзік жандылар ғылыммен айналысады екен. Жақсы көрсеткіш, әрине. Қолыңнан келсе, қонышыңнан бас дегенді, қолдан келсе оқысын, зерттесін, көрсін. Бірақ ғылымда өз орнын алу үшін әйел адам өте көп еңбек етуі керек секілді. Мысалы, ер адам мақала жазып, кітап оқып бос уақытын өзін дамытуға жұмсай алады. Ал әйелдер ше? Ол үй-тірлігін тындыруы керек, балаларының сабағын қарап, тамағын беріп, ұйықтатуы керек дегендей ғой. Яғни, тұрмыстық міндеттер ғылыммен айналысуға кедергі болуы да мүмкін. Ол жетістіктер адамның жынысына емес, өзінің профессионалдық біліктілігі мен біліміне байланысты. Ғалым болудан адам болу қиын дегенді, жалпы бұл атқа лайық болу оңай іс емес.

Сауалнаманы дайындаған Ақбота ЕРБОЛҚЫЗЫ



✎ САРАП

ЖЕТИДІРІЛГЕН ЗАҢ ЖЕМІСІН БЕРЕ БАСТАДЫ

ҚОҒАМДАҒЫ ҮДЕРІСКЕ САЙ ЗАҢНАМАНЫҢ ТАЛАПТАРЫН ЖАҢҒЫРТЫП, ЖАҢАРТЫП ОТЫРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ. ОСЫ ОРАЙДА ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛГЕН КӨПШІЛІККЕ АЯН. АТАЛҒАН ЗАҢҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРҒА СӘЙКЕС, КЕЙБІР ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАСАЛҒАН ӨРЕКЕТТЕРГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЖАЗА ҚАТАҢДАТЫЛҒАН БОЛАТЫН. НӘТИЖЕСİNДЕ, САЛАДА ЖАСАЛҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ОҢ НӘТИЖЕ БЕРГЕНІН АРАДА БІР ЖЫЛ УАҚЫТ ӨТКЕН СОҢ СЕЗІНІП ОТЫРМЫЗ.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың басында «Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Ол заң 15 қаңтардан бастап күшіне енген болатын. Осы енгізілген өзгерістердің кейбіріне тоқталып өтсек:

Бірінші – сотқа өкімшілік істерді дереу қарау құқығы берілді. Бұл ретте мұндай істерді қарау қорытындылары бойынша қаулылар дереу заңды күшіне енеді (744, 745, 829-5, 833-баптар). Сондықтан «Түнгі сот» пилоттық жобасы тұрақты жұмыс форматына ауыстырылды. «Түнгі сот» пилоттық жобасы бүгінгі күні көбейіп кеткен жол көлік оқиғаларын дер кезінде шешіп, осы форматтағы сот істерінің қордаланып көбеймеуіне жол ашты. Сондықтан аталмыш жобаның қоғам үшін маңыздылығын ескеріп, тұрақты жұмыс форматының ауқымы кеңейтілді. Қоғам сұранысына сай енгізіліп отырған

бұл өзгеріс алдағы уақытта да өзінің жемісін берері анық.

«Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңда атап өтерлік **екінші** бір өзгеріс – істерді соттан мемлекеттік органдарға толықтай 63 құрам баламалы негізде, 37 құрам (лицензиядан айыру, қызметке тыйым салу) берілді. Сондықтан, сот бұл істерді бұдан әрі қарамайды. Бұл да болса өкімшілік соттар ісінің көбеймеуіне әсер ететін бір өзгеріс деуге болады. Ал сот істерін бұлай ықшамдау сот істерінің азайып, оның сапалы қаралуына жол ашты.

Үшінші – ұсақ құқық бұзушылық, жаңадан енетін өзгерістер мен толықтыруларға байланысты 434-бап екі құрамға бөлінді. Бұл ретте жалпы пайдалану орындарын, саябақтарды лаптау, оның ішінде коммуналдық қалдықтарды белгіленбеген орындарға шығару соттан алынып, Ішкі істер министрлі-

гінің құзыретіне берілді (434-2-бап). Өмірде жиі кездесетін бұл құқық бұзушылықтармен күрес қоғам үшін аса маңызды. Өкімшілік жаза ретінде белгіленгенмен жергілікті тәртіп сақшылары арқылы бұл істерді бақылау нәтижелірек болғанын уақыт көрсетіп отыр.

Айта кетер жайт, көлік құралдарын басқаруға байланысты да өзгерістер көп енгізілген болатын. Мәселен, көлік жүргізушісінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына беру – көлік құралын басқару құқығынан үш жыл мерзімге айыруға әкеп соқса, ал жаңа өзгеріс бойынша аталған жаза «он бес тәулікке өкімшілік қамалға алуға және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға» алып келеді. Яғни жауапкершілік пен жаза күшейтілді. Нәтижесін статистика көрсетіп отыр. Бүгінгі күні рөлге масаң күйде отыратындар қатары азаюда. Демек алдағы уақытта бұл өзгерістер құқық бұзушылықты одан әрі азайтса, сенімнің ақталғаны деп білеміз. Заман сұранысына сай енгізіліп отырған бұл өзгерістердің барлығы қоғамдағы құқық бұзушылықтарды азайтуға, тыныштықты бақылауға бағытталған. Сондықтан өзгерістерден алдағы уақытта да күтеріміз мол.

Дәурен ҚАРЫМБАЕВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық өкімшілік
сотының судьясы

✎ МЕДИАЦИЯ

«КЕШІРІМ ЖАСАУ – КЕҢДІК, КЕШІРЕ АЛМАУ – КЕМДІК»

Тараптар арасында туындаған дауды шешудің онтайлы тәсілдерінің бірі – медиация. Медиация – тараптар арасында туындаған дауды ерікті түрде қолайлы шешім қабылдау арқылы өзара бітімгершілікке келтіру. Кейбір деректерге сүйенсек, медиация заманауи бағытта ХХ ғасырдың екінші жартысында қолданысқа енгізіле бастаған. Ең алғаш АҚШ, Австралия, Улыбритания елдерінде етек жайып, кейін Еуропа елдеріне кеңірек таралған деседі. Алғашқыда отбасылық қарым-қатынасты шешуден басталған медиацияның уақыт өте келе көкжиегі кеңейіп, түрлі салада көрініс таба бастағаны аңғарылады.

Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» заң 2011 жылы 28 қаңтарда қабылданып, 2011 жылы 5 тамызда қолданысқа енгізілді. Десек те, медиацияның түп төркіні тереңде жатыр. Қазақ қазақ болып қалыптасқалы жер дауы, жесір дауы, отбасы, ошақ қасындағы түйткілдің түйіні ақсақалдарымыздың бір ауыз сөзі арқылы реттеліп, оң шешімін тауып отырған. «Кешірім сұрай білу – кішілік» дейді заманымыздың заңғар жазушысы Ш.Айтмағов. «Кешірім көкжиекке көтереді», «Кешірім жасау – кеңдік, кешіре алмау – кемдік» дейді халық даналығы. Осы қанатты сөздердің астарында халқымыздың қанына біткен қарапайымдылығы мен кішілігі, парасаттылығы мен кішілігі байқалмай ма?! Ықылым заманнан бастау алған бітімгершілік зерттеушілердің болжауынша, уақыт өте келе заманауи бағытқа ойысып, өзгерістермен өңделіп, жаңа атауға ие болу арқылы дала заңы дара заңға айналып отыр.

Медиацияның тиімді тұстары мол. Шариағта да кешірімділік қасиеті асыл дініміз исламның негізгі



өзегі саналады. Дауды бітімгершілікпен реттеу қоғам тәрбиесіне де, ұрпақ тәрбиесіне де оң әсерін тигізеді. Ешкімнің құқығы тапталмайды, ешкімге қысым жасалмайды, тараптар тең құқылы, шешім екі жақты да қанағаттандырады. Ерікті түрде ортақ шешімге келеді, ұтылған жақ болмайды. Алтыннан да қымбат уақыт үнемделеді. Моральдық және материалдық залал келтірілмейді, арадағы сыйластық сақталады. Сондай-ақ, төленген мемлекеттік баж кері қайтарылады. Медиацияның осындай тиімді тұстарын тәжірибе мен уақыт дәлелдеп келеді.

Бүгінгі жаһанданған өзгерістер заманында, әсіресе, отбасын сақтау мақсатында отағасы мен отанасы дара басының емес, бала басының қамын ойлап, дала занынан бастау алған дана заңына сүйенсе, тірі жетімдер азаяр еді. Әрбір жеке адам өмірінің маңызды бастауы, рухани өзегі – отбасы. Отбасы – тіршілік тірегі. Толыққанды отбасында өскен бала жасық емес, жігерлі болады. Жігерлі жастар – ел болашағы. Сондықтан бітімгершілікке келу отбасы ғана сақтаумен шектелмей, бүтін бір елдің болашағына оң әсерін тигізеді.

Кешірім – ізгіліктің белгісі, кешіру – мықтылардың ісі. Жаға жыртасып, жанжалдасқанша, өзгені айыптағандай, өзіңді айыпта, өзіңді кешіргендей, өзгелерді кешір деген орынды.

Е. ШЕКЕРБЕКОВ,
Қызылорда қаласының судьясы

✎ БІЛГЕН ЖӨН

Моральдық зиян ұғымы ҚР Азаматтық кодексінің 951-бабында көрсетілген. Мәні жеке тұлғалардың жеке мүліктік емес игіліктері мен құқықтарын бұзу, кемсіту немесе олардан айыру, оның ішінде өзіне қарсы құқық бұзушылық жасау салдарынан жәбірленушіге нұқсан келтіру. Ал осындай құқық бұзушылық салдарынан қайтыс болған жағдайда – оның жақын туыстарының, жұбайының басынан кешірген (төзімін тауысқан, уайымға салған) жан азабы немесе тән азабы (қорлау, ызаландыру, қысым көрсету, ашу-ыза, ұят, үмітсіздік, залал, қолайсыз жағдай және т.б.) моральдық зиянға саналады.

МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯННЫҢ ӨТЕЛУ МАҢЫЗДЫ

Моральдық зиянды ішкі психологиялық жайсыздық, мазасыздық, ашуланшақтық белгілері бойынша ажыратуға болады. Ал физикалық азап – ауырсыну, ыңғайсыздық, кейбір сыртқы факторлар, яғни бұл моральдық азапты тудыратын физикалық себептерден орын алады. «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы» ҚР Азаматтық кодексінің 9 және 141-баптары және басқа да ҚР заңдарына сәйкес жүзеге асады.

Сотқа Н. деген тұрғын өзінің көмелетке толмаған қызының мүддесі үшін жүгінді. Онда М.есімді жауапкер қалада автокөлік жүргізіп келе жатып, бағдарламның рұқсат етілген жасыл сигналы кезінде көше бойымен қозғалып, сол жақ бұрылыстың маневрін жасап жаяуларға жол бермегенін және оның салдарынан көмелетке толмаған жаяу жүргіншіні қағып кеткені айтылады. Бұл жерде жол қозғалысы ережелерінің 13-бөлімінің 1-тармағы бұзылған. Нәтижесінде бала дене жарақатын алған.

Сараптама барысында жауапкердің кесірінен жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірілгені анықталды. Та-

лапкер моральдық зиянның өтемақысын өндіріп алуды сұрады, өйткені бала шошынған және оның денсаулығына зиян келген, ол оқиғадан стресс алған, үнемі соны есіне алып, қатты қорқып қалғанын көрсеткен. Моральдық зиянға қатысты келтірілген мұндай мысалдар өкінішке қарай барлық соттардың өндірісінде кездеседі. Бұл жердегі оқиға талапкердің моральдық зиянды өтеу туралы мәлімделген талаптары бөлігінде сот әділдік пен парасаттылық қағидаттарын негізге ала отырып, жауапкердің материалдық жағдайын да ескеріп, талапкердің өтінішін ішінара қанағаттандырды және 150 000 теңге өндіріп алу жауапкершілігін жүктеді. Өйткені бала көмелетке толмаған, күйзеліске ұшырап, денсаулығына зиян келтірілген, бірақ қысқа мерзімді бұзылыстың бар-жоғы туралы айтуды сот ерте деп есептеген, өйткені жәбірленушінің денсаулық жағдайын әлі бақылау талап етіледі.

Сот шешімі заңды күшіне енген жоқ.

А.ЖҰМАБЕКОВА,
Көкшетау қалалық сотының судьясы

✎ ЖЕГІҚҰРТ

ҚҰШ БІРІКТІРСЕК КЕСЕЛДІ ЖОЯМЫЗ!

Сыбайлас жемқорлық дәрі беріп семдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дерт. Ал оған жол беру мен оны тоқтату тегігі халықтың өзіне байланысты. Олардың азаматтық ұстанымы мен тазалықты қамтамасыз етуін принципшілдігіне байланысты. Ол үшін аталған дертке қарсы күш біріктіріп жұмылауымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесіне зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. «Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек – денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек – халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюда, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы – жегіқұртпен күресу. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп,

осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтың борышы және адамгершілік міндеті. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен, әлі толық шешімін таппаған жоқ.

Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу – олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып және түсінудің негізі орындалуына көмектесудің алғы шарттарының бірі. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық – қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бәрімізді алаңдатады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Айша ДОСМУРЗИНА
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҢ ТІРЕГІ

Ел тәуелсіздігінің ең маңызды нысаны – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен рухани болмысының негізгі тірегі.

Сондықтан да, ол ұлттың өзгеден даралығын анықтайтын жалғыз да айрықша белгісі. Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады. Ұлт тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуы тіл бағының жануы, мемлекеттік тілді білу сол мемлекеттегі әрбір азаматтың борышы саналуы тиіс. Мемлекеттік деңгейде тіл саясатының шешілуі – өте өзекті әрі маңызды мәселе.

Бұл қазақ халқының рухани болмысының негізін сақтап дамуы, ұлттық идеологиялық саясаттың шешілуі деген сөз.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі.

ҚР Жоғарғы Соты төрағасының 2009 жылдың 27 ақпанындағы «Іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы» №36 өкімі республикамыздың барлық соттарында қолданылады. Қазір іс-қағаздарын жүргізу номенклатурасына сәйкес жүргізілетін кітаптар, есептік жартықалар, сот тәжірибесінің талдаулары, жедел кеңес және семинар сабақ хаттамалары, жоғары сатыдағы сот-

тармен және басқа да мемлекеттік мекемелермен хат алмасу тек мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту, тілдің қолданылу аясын арттыруға күш салу. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан тілдік қорымызды үздіксіз жетілдіріп отыру үшін заңдар қабылданып, бағдарламалар жасалған. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып мемлекеттік тілдің қолдану өрісін кеңейту өз қолымызда.

Миргүл УТИШКАЛИЕВА
Орал қаласының мамандандырылған тергеу сотының кеңсе меңгерушісі



◀(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазір 70-ке жуық археологиялық қазба жұмыстарымен айналысатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер бар. Оған рұқсатты Мәдениет және спорт министрлігі береді. Олардың не қазып жатқанын, не мақсатпен жұмыс істейтінін өздерінен басқа ешкім білмейді.

Археология институтына ешқайсысы есеп бермейді. Бұрын «открытий лист» деген болатын. Онда кімнің қай нысанды зерттейтіні толық жазылған. Қазіргі кезде аталған ЖШС-нің не қазып жатқаны ғалымдарға белгісіз. Тіпті, кейбірі не үшін қазып жатқанын өздері де білмейді. Бұлардың көбі жеке адамдармен жұмыс істейді. «Мына төбені қазып беріңізші, жер телімін сатып алайын» деп едім дейді. Ақшасын төлесе болды, жердің астын үстіне шығарып қазып, ештеңе жоқ деп жазып береді.

Соңғы жылдары Мәдениет және спорт министрлігі археологиялық қазба жұмыстарымен айналысып кетті. Ал олардың негізгі міндеті археологиялық нысандарды қорғау, қалпына келтіру, туристік орындарға айналдыруға бағытталуы керек. Бізде археологиялық, туристік нысандар саусақпен санарлық.

Ең қызығы, кейінгі кезде кейбір әкімдердің тапсырмасымен «Алтын адам» іздеу көбейіп кетті. Былтыр 1 ЖШС-нің өзі осылай 100-ден аса қорғанды қазған. Кейбір облыстарда оның саны 200-ге дейін жеткен. Ал біз, өз әріптестерімізбен 1 сақ қорғанын 3 ай 12 күнде әрең қаздық. Ол Алматы қаласындағы Яссауи мен Жандосов көшелерінің қиылысындағы оңтүстік жағында орналасқан ғұрыптық қорған болатын. Біреулер ол жерді сатып аламыз деген соң біз оны тоқтатып, зерттедік. Оған біздің институттың бірнеше ғалымы қатысты. Қорған қазу деген ойыншық емес қой. Бәрін жан-жақты зерттеу керек. Оны ата-баба мұрасын тану, жаңғырту мүмкін емес.

– Зерттеу демекші, Еуропа елдері кәріз жүйесінің не екенін білмей тұрған кезде Қазақстан аумағындағы 400-ден астам қаланың бәрінде су, кәріз жүйесі жұмыс жасап тұрғанын бүгінде өзге түгелі, қазақстандықтардың да көбі біле бермейді.

– Рас айтасыз. Алғашқы кезде балықшылар мекені болған Лондоний (қазіргі Лондон қаласы), аңшылар мекені болған Лютетия қонысын (қазіргі Париж қаласы) былай қойғанда, мынау Ресей астанасы Мәскеуде XIX ғасырға дейін су, кәріз жүйелері болмаған. Ондағы алғашқы су құбыры тек 1804 жылы салынған. Алайда, осының бәрін түгел ғылыми айналымға түсіріп, әділ бағасын беруде біз әлі көш соңында тұрмыз. Бұл мәселеге мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөліп, белгілі бір жүйемен жұмыс жүргізуге үкімет тарапынан ешбір талпыныс байқалмайды. Айтылған сөздің бәрі тек қағаз жүзінде қалып жатқандықтан, тіпті бар нәрсенің өзін көрсетіп, насихаттау дұрыс арнаға түскен жоқ. Соның нәтижесінде кейбір адамдар мен топтардың жеке мүддесі үшін тарихты бұрмалау әлі күнге өз жалғасын тауып жатыр. Мысалы, Жошы хан кесенесінде Жошы хан жерленбеген. Онда жерленген адам XVI ғасырда өмір сүрген. Оны 1946 жылы Әлкей Марғұлан да зерттеп, XVI ғасырдың адамы екенін айтқан. Ал Жошы хан 1227 жылы ақпан айында қайтыс болады. Жошы ханның қайда жерленгенін қазір ешкім білмейді. Сол жерде жатқан сүйектерге әлі күнге дейін генетикалық сараптама жасалмаған. Бірақ оны туристік орталық жасаймыз деп 5 млрд теңге ақша жұмсалды. Оған көзі ашық ешбір саяхатшы сенбейді. Себебі, біз алдымен оны дәлелдеуіміз керек қой. Сол сияқты Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесінің ішіндегі 2 әйел, 2 еркек адамның құлпытастарының уақыты X–XI ғасырларға келеді. Шокан Уәлихановтың кітабында суреті тұр ғой. Ал Қозы Көрпеш пен Баян сұлу XVIII–XIX ғасырда өмір сүрген адамдар.

XIV–XVI ғасырларды қамтитын көлемі 60×20 шаршы метр болатын Отырардағы жұма мешітінің Мәдениет және спорт министрлігі мамандарының қалай қалпына келтіргенін естіген шығарсыз. Заманауи кірпішпен қалап, «вермонт» жасап қойған. Бұл дұрыс емес. Ол жерде бірнеше жыл еңбек етіп жүрген археолог, тарих ғылымдарының докторы М.Қожаның пікірі ескерілмеді. Егер қандай да бір тарихи-археологиялық құндылығы бар нысанды қалпына келтіретін болсақ, тура сол уақытта қандай құрылыс материалымен жасалғанын ескеруіміз керек. Көрсете алмасақ, ол – өтірік. Оған ешкім сенбейді. Қайта күліп кетеді.



Арнабай НҰРЖАНОВ,
Ә.Марғұлан атындағы Археология институтының Бас ғылыми қызметкері:

«ҚОРҒАН ҚАЗАТЫНДАР ЕШКІМГЕ ЕСЕП БЕРМЕЙДІ»

– Әріптестеріңізден сіздің тек Қазақстан ғана емес, әлемдік өркениет үшін зор маңызы бар сенсациялық жаңалығыңыз барын естіп қалдық. Оны өз аузыңыздан еститін сәт те келген сияқты?

– Мен шойын қазанның Түрік қағанаттарының кезінде шыққанын 5 жыл зерттедім. Еңбегім ақталып, Оңтүстік Корея ғалымы, профессор Жанк Сик Парк сенсация жасадық деп сүйінші сұрады. Құны 20 млн доллар тұратын металл бұйымдарға зерттеу жасайтын мұндай зертхана біздің елімізде болмағандықтан, бұрын оны дәлелдеу қиын боп келген еді. Оңтүстік корейлік әріптестерімізбен арадағы жылы қарым-қатынастың арқасында өз жерімізде табылған қазанға зертханалық сараптама жасауға былтыр ғана мүмкіндік туды. Бұрын қытайлар шойыннан қазан жасау XI ғасырда тұңғыш рет біздің жерімізде пайда болды деп келген еді. Оңтүстік Кореядан жеткен сүйінші хабарға қарағанда Түркі елінде одан бір ғасыр бұрын жасалғанын дәлелденді. Енді корейлік әріптестеріммен бірлесіп өз жаңалығымызбен әлем ғалымдарын таныстыру үшін ағылшын тіліндегі ғылыми мақаламызды да әзірлеп қойдық. Құдай бұйырса, бұл жаңалық енді әлемдік ғылыми ортаға жарияланып, тарихи әділеттілік салтанат құратын болады.

Біз бұған дейін қазіргі тіс тазалайтын щеткаңыз да ең алғаш Түркі жерінде IX ғасырдан бастап пайда болғанын жариялаған едік. Ал оны қытайлар 1428 жылы Манчжурияда қара шошқаның қылынан жасаған екен. Біз оның жылқының қылынан одан 6 ғасыр бұрын өз жерімізде жасалғанын археологиялық зерттеу жұмыстары арқылы дәлелдеп шықтық. Өкінішке орай біздің жерімізде пайда болған мұндай заттарға зертханалық ғылыми сараптама жасауға мүмкіндік жоқтықтан, оның бәрін осы уақытқа дейін дәлелдей алмай жүрміз.

Мысалы, әйнек заттарды Лондонға жібергенбіз, әлі күнге дейін одан еш хабар жоқ. Бұрын біз ғана емес, бүкіл әлемде шыны жасаудың орталықтары Италия жеріндегі Венеция қаласы, қазіргі Чехия жерінде XIII–XIV ғасырларда пайда болған дейтін. Қазак жеріндегі қазба жұмыстары бізде VIII ғасырда-ақ көптеген ортағасырлық қалаларда шыны ыдыстарын жасайтын өндіріс орындары болғанын көрсетіп берді. Көркем безендірілген және шебер өңделген ыдыстар оған дейін ешбір елде кездеспеген еді. Қытайларда ол бізден кейін дамыған және онда тура біздегідей ою-өрнек жасау бұрын болмаған. Айта берсем, бізде әлемді таңырақтағын ғылыми жаңалықтар көп. Оны жариялау, мойындату тек алдағы күндердің еншісіне қалып отыр.

– Бұған ең алдымен өз мәдениетіміздің бірегейлігін танып-біле алмай жүрген өзімізді кінәлаған жөн шығар?

– Дұрыс айтып отырсыз. Халық соның бәрін әлі білмейді. Кінә өзімізден. Мысалы, Италияның Помпей қаласынан ас пісіретін орын табылып, олар «Европьюс» каналы арқылы дүниежүзіне көрсетті. Бізде орта ғасырларда-ақ ота жасайтын медициналық пинцеттің, скальпельдің, тіс щеткасының болғанын мен мерзімді басылымдарда бірнеше рет жаздым. Япырай, біздің бабаларымызда жоға-

сәйгүліктер мемлекеті деп таныған Түрік империясы Корей жарты аралынан Қара теңізге дейінгі жолдың бәрін өз қарауында ұстаған.

Жібек Жолы деген тек қана сауданың жолы емес. Бұл экономикалық дамудың, мәдениеттің, дүниежүзілік діндердің даму жолы. Бұрын арабтар келіп қалаларды талқандады, олардың құрылысы тоқтап қалды деген қате түсінік бар еді. Ол негізсіз екенін уақыттың өзі дәлелдеді. Арабтар Отырарды, Испиджаб пен Таразды өртеп кетті деген қате тұжырымдар дәлелденген жоқ. Қайта мұсылман дінінің келуі мәдениетті орнынан жылжитты. Араб тілі арқылы түркі халықтары дүниежүзілік өркениетке қарай жаңа бетбұрыс жасады. Құрылыста, архитектуралық сәулет өнерінде өзгеше бір бағыт, стиль пайда болды. Мысалы, Қарақан мемлекеті кезінде мына құттының ішіндегі жазуларда араб тілінде құттының ішіндегі заттың бағасы туралы мәлімет берілген. Бұрын қалаларлық, еларалық сауда жолдары болған. Түркі халқы біреудің затын ғана пайдаланып қоймай, өз тауарларын да сауда жолы арқылы дүниежүзіне

Отырар болды. Ол 1750 жылға дейін өмір сүрген, онда сол кезде 55 тұрғын қалды деген жазба бар. Сайрам, Сауран қалалары да сол уақытқа дейін жеткен. Сондықтан көшпенділерде қала болмаған, олар көшіп жүрген деген көзқарас XIX ғасырда пайда болып, кейін Кеңес дәуіріндегі зерттеулерде де біржақтылық орын алды. Мұның бәрі ғылыми әдебиеттерде, оқулықтарда, ғылыми-көпшілік басылымдарда жазылып кеткен. Тек қана бір халықтың атын атамай, олар көшіп жүрді деген мәселемен көшпенді деген сөзді тауып алған. Дегенмен, қола дәуірінен бастап қазақ жеріндегі қалалардың, қоныстардың болғаны XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап Әлкей Марғұланның зерттеулерінде көрсетіле бастады. Қазіргі Ұлытау, Баянауыл аумақтарында бірнеше қоныстың болғаны зерттелді. Соңғы уақытта Маңғыстау аумағынан да қола дәуіріне жататын қала жұрттарының табылуы қазақтар көшпенді болған деген пікірді жоққа шығарды.

– Елбасының «көшпенділер мал жайып өткен жерінің бәрін өзімізді санай берген» дейтін сандырақты

шығарған. Бізден шыққан құрыш болаттың Сириядан, Еуропадан табылуы, шыны ыдыстардың Еуропаға дейін жеткені соның дәлелі. Ал X ғасырда Түрік қағанаттарындағы жібек өндірісі Қытайдан көп болған. Орта ғасырларда біздегі жылқылардың тұқымдары тауар ретінде алмастырылып, Қытай жеріне дейін барған. Осыған қарағанда түркі халықтары үлкен өркениеттің үстінде болған. VIII ғасырда ондай қалалық

ғылыми түрде әшкерелеу керек деген» сөзі бар екен. Ғылыми-зерттеу институттарымыз біздің көшпенді еместігімізді қаншалықты дәлелдей алды?

– Көшпенділер өзінің өткен жерін емес, тұрған жерін ғана менікі деп айтқан. Көшіп жүрген халыққа жылқыны қолға үйретудің керегі жоқ қой. Неге осыны түсінбейміз? «Номад», «номадизм» деген көшпенді деген сөз емес. Көне грек тілінде ол «жайылым», «бақташы» деген мағынаны білдіреді. Ол ешқайда көшіп кетпейді ғой. Ғалымдар тарапынан бұған нақты жауап берілген. Бұл шешілген мәселе. Біздің және Ресейдің ғалымдары Ресейдің территориясынан табылып жатқан біздің заманымыздағы V–VI ғасырлардағы дүниенің бәрін сақтар мәдениетінің үлгісі дейді. Қырым жарты аралынан, Чертомлык, Бесоба, Семіз қорғандарынан табылған өркениеттің бәрі сақтардыкі. Қазіргі Украинаның Никополь қаласының маңында орналасқан Каменское елді мекені скифтердің-сақтардың астанасы болған. Қазақстанның орталық және солтүстігіндегі облыстардың аумағында орналасқан сақтардың қоныстары 1950 жылдары тың игеру кезінде түгел айдалып кетті. Ол кезде ешкім қарамады. Қазіргі кезде де далалық аймақта орналасқан қорғандар тоналып жатыр.

– Мәселенің бірі маманға келіп тіреледі ғой. Оларды дайындау қазір қалай жүріп жатыр?

– Қазір мамандар бар. Бірақ бір нәрсені құртып алды. Бұрын ізденуші аспирантурада бірнеше жыл оқитын. Қазір енді магистратура, докторантура бітіргеннен кейін ғалым боп шығу керек деп жатыр. Археологияда 3 жылда ғалым боп шығу деген ақылға онша сыймайды. Біз қазір Болон жүйесі дегенді алдық. Ол біздің жалпы ғылымымызға қайшы нәрсе. 10 жыл болды оның ешқандай әсері жоқ. Ресейде бұрынғы академиялық институттар сақталып қалды. Аспирантура, ізденушіліктің бәрі бар. Ғылымда сен 3 жылдан кейін қорғауың керек, мынаны істеуің керек деген нәрсе болмағаны жөн. Археологияда кейбір зертханалық мақаланы жазып, шығару 3 жыл уақытыңды алады. Сондықтан көп нәрсені қайта қарастыру керек. Ғылымның дамуы 1990 жылдардан кейін бізде өте төмен түсіп кетті. 1990 жылдың басындағы ғылыми-зерттеу мен қазіргі зерттеу, ғылымға деген қатынас мүлде басқа. 60-70 пайыз төмен түсіп кетті. Қазір біздің ғылым компьютерлік шаблонмен істеліп жатыр. Бұл жеке менің ғана ойым емес, көптеген ғалымдар қазір осындай пікірге келіп отыр.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»

...КЕЙІНГІ КЕЗДЕ KEЙБІР ӘКІМДЕРДІН ТАПСЫРМАСЫМЕН «АЛТЫН АДАМ» ІЗДЕУ КӨБЕЙІП КЕТТІ. БЫЛТЫР 1 ЖШС-НІН ӨЗІ ОСЫЛАЙ 100-ДЕН АСА ҚОРҒАНДЫ ҚАЗҒАН. KEЙБІР ОБЛЫСТАРДА ОНЫҢ САНЫ 200-ГЕ ДЕЙІН ЖЕТКЕН. АЛ МЕН ӨЗ ӘРІПТЕСТЕРІММЕН 1 САҚ ҚОРҒАНЫН 3 АЙ 12 КҮНДЕ ӘРЕҢ ҚАЗДЫҚ. ОЛ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЯССАУИ МЕН ЖАНДОСОВ КӨШЕЛЕРІНІҢ ҚИЫЛЫСЫНЫҢ ОҢТҮСТІК JAҒЫНДА ОРНАЛАСҚАН ҒҰРЫПТЫҚ ҚОРҒАН БОЛАТЫН. БІРЕУЛЕР ОЛ ЖЕРДІ САТЫП АЛАМЫЗ ДЕГЕН СОҢ БІЗ ОНЫ ТОҚТАТЫП, ЗЕРТТЕДІК. ОҒАН БІЗДІН ИНСТИТУТТЫҢ БІРНЕШЕ ҒАЛЫМЫ ҚАТЫСТЫ. ҚОРҒАН ҚАЗУ ДЕГЕН ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС ҚОЙ. БӘРІН ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРТТЕУ КЕРЕК. ОНСЫЗ АТА-БАБА МҰРАСЫН ТАҢУ, JAҒҒЫРТУ МҰМКІН ЕМЕС.

ры өркениет болған екен ғой, деп оны ары қарай насихаттап, көрсетуге қызыққан ешкім болған жоқ. Сол сияқты, жеті қабырғасы сақталған Сауранда қазылған археологиялық нысандарды қалпына келтіретін болсақ, бұл әлемдік деңгейдегі жаңалық болар еді. Осыдан бір жыл бұрын ғана өмірден өткен археолог Е.Смағұлов ол жерден тербеліліп тұратын мұнаралардың орнын тапқан болатын. Ал ол туралы саяхатшылар мен тарихшылардың жолжазбалары мен түрлі еңбектерінде 1515 жылы жазылған. Мұнда мешіт те, медресе де болған. Егер оны көрсетеміз десек ғылымыңыз да, ғалымдардың да бәрін қалпына келтіруге мүмкіндігі бар. Қолбайлау болып отырған ниет пен қаржылық қолдаудың жоқтығы.

– Сіз айтып отырған Сауран мен өзге де орта ғасырлық 420 қала қалай дамыды?

– Орта ғасырлардағы бұл қалалар алдымен түркілердің әскери қонысы ретінде пайда болып, кейін қалаға айналған. Қазіргі кезде бізге 420 қаланың орны белгілі. Кейбіреуінің аттары араб, парсы саяхатшыларының, тарихшыларының жазбаларында сақталып қалған. Бұдан бөлек, XVIII ғасырға дейін өмір сүрген қалалардың да орны бар. Осы қалалардың жандануына ең алдымен Ұлы Жібек жолы түрткі болды. Өзіңіз де білесіз, Жібек жолы тармақтары Қазақстанның бірнеше жерінен өткен. Орта ғасырларда Қытай, Үндістан, Иран мен Түрік қағанаттары сияқты ең үлкен төрт империя болған. Олар Еуразия құрлығындағы ең дамыған мемлекеттер болды. Өзгелер жыртқыш аңдар мен

мәдениеттер қазіргі Еуропа елдерінде болмаған.

– Неліктен бұл қалалардың бірде-бірі біздің дәуірімізге дейін жетпей, төбешікке айналып қалған?

– Қайда кетті дегенде бірнеше себеп бар. Біріншісі, моңғолдар жаулап алғаннан кейін қазак жерінде біртұтас мемлекет болған жоқ. Сауданы жүргізетін, жалғастыратын екі мемлекеттің арасында байланыс үзілді. Сол кездің өзінде қалаларда шыны, қыш, металл, сүйек деген сияқты түрлі бұйымдарды өңдейтін 32 өнеркәсіп орны болған. Ғалымдар ақылдасып осындай жерлерді ғана қала деп айтуға болады деген тұжырымға келді. Ал оның бәрі еларалық байланыс азайған соң тоқтай бастады. XIV ғасырдан кейін бізге Қытайдан, Үндістаннан келетін тауарлар азайды. Бұл бірінші – су жолының ашылуына байланысты. Ол Еуропаға баратын қысқа әрі қауіпсіз жол болды. Дегенмен, Алтын орда, Шағатай мемлекеттерінің уақытында сауда жолдары қайта жаңғыра бастады. Бірақ бұрынғы қалпына келе алмады. Өйткені, оңтүстік шығысымыз Шағатайдың, солтүстігіміз бен батысымыз Жошының, шығысымыз Үгедейдің иелігінде болды.

Екінші – шаруашылықтың бір ғана түрінің қалуы. Мал шаруашылығы басымдық алған сайын кейбір қалалар өзінің өмір сүруін тоқтата бастады. Қалалардың қирауына шаруашылықтың өзгеруі қатты әсер еткен. Жалпы, қалалардың соңғы рет құлауына себеп болған қалмақ деп жүрген батыс моңғолдар болды. Солардың жойқын ұрысынан кейін көп қалалар сахнадан біржола кетті. Ең соңғы құлаған қала

КӨЗҚАРАС

Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабекова «жалпы, тарихтағы мысалдарда экономикалық дағдарыстың рухани дағдарыспен қатар жүретінін» айтады. Біздің бүгінгі әлеуметтік ортадағы ахуал қазақ қоғамының рухани ізденістерде тоқырай бастағанынан хабар береді. Оған бәріміз кімнің қайдан мотивация алып, кімдерді оқып, кімдерді үлгі тұтып жүргенінен көріп те жүрміз. «Жастарды жат мәдениеттен қалай сақтандырамыз?» деп ұрпағы үшін қам жейтін аға буын, қарап отырсаңыз, өзінің осы кеңістігін бос қалдырды. Аузы дуалы аға буынның дәуірі алыстағандықтан да, бүгін біздің қоғамда рухани тоқырау басталды, сананы тұрмыс билегендіктен, тұтас бір орта рухани дегредацияға ұшырады. Оған күні-түні әлеуметтік желіден ажырамайтын халге жеткен жаскөрінің бүгінгі ахуалы дәлел. Онлайндық оқу жүйесі жастардың білуге, көруге, үйренуге деген қызығушылығын жойса, барлық саланы жайлаған жемқорлық пен «жасампаз» мемлекетке қатысты жағымпаз ұрандар аға буынды әу бастағы адалдық, әділет, ақсақалдық принциптерінен алыстатты.



РУХАНИ ДАҒДАРЫС БӨРІНЕН ҚАУІПТІ

Мемлекеттегі соңғы өзгерістер (саяси, экономикалық, мәдени) Қазақстанның да дамыған өзге елдер секілді адамның жеке индивидтік құндылықтарына көңіл бөлетін кезі келгенін көрсетті. Кезінде Маркс «революцияны соғыс емес, өзгеріс деп қабылдау» керектігін айтты. Бүгінгі ахуалда санадағы соғыстың емес, санадағы өзгерістің заманы келгенін айтып жатыр. Бірақ, өркениет көшінен қалмауға асығатын біздің қоғам көрінбейді. Бүгінгі рухани кеңістік қарапайым көпшілікті екіге бөлді. Біреуі – әлеуметтік жай-күйін айтып, әкімшіліктің алдын тоздырған көп балалы аналар болса, екіншісі – өмірі әлеуметтік желімен біте қайнасқан, жалған мотиваторлар мен интернет жарнамалардың құлақкесті құл-күнине айналған «зомбилер». Ендеше, бұлардың қайсысын рухани кемел, білім-білігі толысқан сапалылар санатына қосар едіңіз? Күні бойы қарын қамымен жүріп қажығандарды ма, интернеттен ақша ағылатын жұлдызды сәтінің туарына сенетіндерді ме? Әлеуметтанушы Айсұлу Молдабековадан осындай рухани құлдыраудың себеп-салдарын сұрадық.

Айсұлу МОЛДАБЕКОВА, әлеуметтанушы:

ИДЕАЛЫМЫЗ – ИНСТА ЖҮЛДЫЗ

– Дәл бүгінгі біздің қоғамда, 1990–2000 жылдармен салыстырғанда, рухани өсуге деген, рухани құндылықтарға деген қажеттілік жоқ емес, бар. 2000 жылдарда бізде адамдардың діни құндылықтарға деген қызығушылығы басым болған. Бүгінгі таңда діни құндылықтардан гөрі жеке тұлғалық құндылықтар алға шықты. Мұны біздің әлеуметтік сауалнамалардан да көруге болады. Мысалы, біз әлеуметтік сауалнамалар жасағанда, өзіңізді қай бағытта дамытқыңыз келеді деген кезде олар көбіне адамның қосымша қабілеттеріне, соларды игеруге деген қызығушылықтары бар екенін айтады. Мысалы, тіл үйренуге, сосын белгілі бір кәсіптерді меңгеруге қатысты. Бұндай қабілеттерге деген сұраныстың болуы адамдардың тұлғалық өсуіне жақсы ықпал етеді. Бұл адамдардың интеллектуалдық капиталының артуына алып келеді. Алайда, оның біздегі рухани негізі әлсіз. Себебі, біз материалдық дамуды рухани дамудан алшақтатып алдық. Адам бойында ол екеуі қатар дамуы керек еді. Қазір көпшіліктің танымында рухани даму деген тек кітапта болады немесе дін жолында қызмет еткендерде ғана

рухани ізденістер болады. Осындай біржақты қалыптасып жатқан көзқарастардан соң жалпы адамзаттық құндылықтардың алыстай бастағанын түсінесіз. Қоғамдағы экономикалық дағдарыстардың, тіпті бүгінгі пандемияның өзінің адамдардың дегредациясына тікелей әсері болды. Әсіресе, бүгінгі біздің қоғамда идеалды тұлға кім дегенде, өкінішке орай инстаграм-лар көпке үлгі боп кетті. Ал олардың беріп отырған ілім-білімінде, үгіт-насихатында өкінішке қарай, адамдарға тірек болатын фундаменталды құндылықтар жоқ. Бүгін діни үгіт-насихаттың өзін мынау заманның, білім-ғылымның дамуымен ұштастырып жеткізбесе, ол да көпшілікке өтпейді. Тақырып өзекті. Себебі адамдар рухани жетілуден гөрі материалдық дамуы армандайды. Біз инстаграм ықпалынан әзірге құтыла алмаймыз. Сондықтан мемлекет әлеуметтік желіні қоғамымыздың идеологиясын алға жылжытушы күш есебінде пайдалануы тиіс. Мысалы, неге шын рухани өңгіме айта алатын идеалды тұлғаларды жинақтап, солардың курсы, үгіт-насихатын ашпасақ? Қоғамымызда адамдардың жан дүниесін қызықтыратын бағыттар болмағандықтан, адамдар депрессия, дегредацияға ұшырайды, ол кейін агрессияға айналады. Жалпы, біздің бүгінгі рухани кеңістігіміз сұраныс бар, бірақ нарықтағы тауары өте сапасыз мысалдар сияқты.

Осы ретте біз қоғамды алға сүйрейтін рухани саланың бірі әдебиет десек, ол саланың бүгінгі ахуалы қандай? Сырт көзге бір қарағанда, бүгінгі қазақ әдебиетінің жай-күйін ешкім жаман дей алмайды. Жас ақын-жазушылардың кітаптары мемлекеттік тапсырыстармен де, жекеменшік азаматтардың қолдауымен де шығып жатыр. Мемлекет әдебиетті қолдап жатса, ондағы шығармалардың халықтың рухани сұранысын қанағаттандыруға деген қабілеті қандай?

Қанат ТІЛЕУХАН, жазушы:

ҚАЛАМҒЕРЛЕРДЕ МАСЫЛДЫҚ БАСЫМ

– Қазақ авторларының кітабы мемлекеттік бағдарламамен шығып жатқанына ширек ғасырдан асты. Одан мемлекетке көк тиын да пайда келіп жатқан жоқ. Баспалар да, қаламгерлер де бюджеттің ақшасына масыл. Тендерден қаражат алдым деп баспагер, кітабым шықты деп ақын-жазушылар қуанады. Алайда, салықтан жиналған ақшаның қайтымы болуы керек қой. Өткенде бір ақын ағаммен сөйлесіп қал-

дым. Кітабын тегін шығарып берген министрлікке алғысын айтты. Мың дана жыр жинағын қалай сатқанын айтқанда, сол ағам үшін өзім ұялдым. Аудан әкіміне барып мектеп мұғалімдеріне күштеп сатқызып. Не айтуға болады?! Бұл біздің қоғамда қалыпты жағдайға айналған. Оқырман жоқ деген әңгімеге өз басым сенбеймін. Жақсы шығарма жазылса, оқырман табылады. Мемлекет баспалар мен авторларды мойнына отырғызуды қою керек деп ойлаймын. Кітап тарату, оны сату жүйесін орнатса, әрине, кітаптар оқылар еді.

Токтарәлі ТАҢЖАРЫҚ, ақын:

ӘЛЕУМЕТТІң ӘЛЕУЕТІ ӘРТҮРЛІ

– Қазақ әдебиеті ақпараттық кезеңде тұйықталған, өз ішінде өзі қайнап, сонысына қанағаттанатын әдебиетке айналды. Тіпті, пост-кеңестік елдердің өзімен байланысымыз жоқ деуге болады. Ресеймен арадағы бірін-бірі аудару, журнал шығару дегендей әкімшіліктің, биліктің идеясы жақсы, тек орындалуы нашар. Оған да шүкір демеске лаж жоқ. Қырғыз, өзбек, түркімен әдбиетін зерттеп жүрген, біздің әдебиеті оларға танытуға мұрындық болуға ұмтылысы бар орта да жоқтың қасы. Жеке талпыныстың тұрақтылығы кемшін.

Осындай тұйықтықтан қандай әдебиет тууы мүмкін? Қазір әлемде трендке айналған жазушыларды, шығармаларды (мейлі, ол бестселлер болсын) алыңыз, ғаламданған сана дәуірінің айырылмас бөлігі іспетті. Оларды сіз Алматыдағы кез келген кітап дүкенінен қиналмай таба аласыз. Интернеттегі жарнамалары, кітап пен автор мемлекеттік тапсырыстармен де, жекеменшік азаматтардың қолдауымен де шығып жатыр. Мемлекет әдебиетті қолдап жатса, ондағы шығармалардың халықтың рухани сұранысын қанағаттандыруға деген қабілеті қандай?

Ш.РАҚЫМҚЫЗЫ, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭТИКА НОРМАЛАРЫ ШОУ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ЖҮРМЕЙ МЕ?


(Соңы. Басы 1-бетте)

Шындығында, бүгін отбасы-ошақ қасының әңгімесі мен жастардың жұлысын көрсететін бағдарламалардың ғұмыры ұзақ. Мәселен, жұрт жаппай «Қалаулым» дейтін бағдарламаны жабуды талап еткенде, сол кездегі ақпаратқа жауап беретін министр: «Бұл бағдарламаны бірінші рет естіп тұрмын. Қазір тексеру жүргізіп жатырмыз» деп жылы жаба салды. Жұрт болып жалынып «Қалаулымды» жапқанымызды қайтейік, атын өзгерткені болмаса, заты сол қалпында қалған бағдарламаның бірнешеуі ашылып, одан да сорақы көріністерге куә болып келеміз. «Кел, келінім», «Кел, татуласайық!», «Пендемиз ғой», «Астарлы ақиқат» секілді анайы әңгімеге толы телебағдарламалардың редакторлары БАҚ туралы заңды, журналистика қағидаларын жайына қалдырды. Даулы дүниелерге толы «Кел, татуласайық!» бағдарламасын жабу керектігін айтып, петиция ұйымдастырғандар тиісті министрліктің тексерісі ұзаққа созылып кеткеніне алаңдаулы. Енді, міне, отбасы құндылығын, адамның ар-намысын тиетін «Астарлы ақиқат» бағдарламасын анайы шығарылым төңірегіндегі дау-ламайға қатысты телеарна басшылығы не Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі әлі жауап қатқан жоқ.

БАҚ туралы заңның 1-бабында «Порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы кино, бейнеөнім-моральдық құндылықтарға сәйкес келмейтін, адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорлайтын жыныстық қатынасты натуралды түрде, егжей-тегжейлі фиксациялау не жыныстық әуестіктің қозуына немесе жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруға

ықпал ететін жыныстық қатынас процесіндегі жалаңаш гениталийлерді көрсетуге, эротикалық сипаттағы өнім-гениталийлерді қоспағанда, адамдардың жыныстық қатынастарын, адам денесінің ұятты тұстарын көрсететін және порнография элементтерін қамтымайтын баспасөз басылымы немесе теле-радиобағдарламаларды көрсетуге тыйым салынады» – деп тайға таңба басқандай жазылған. Алайда, заңмен санасып жатқан телеарна басшылығы жоқ. Өкінішке қарай, сексуалды мәселелерден аспайтын бағдарламаларды жабуға ешкімнің шамасы келмейді. Мәселен, «Евразия» арнасында көрсететін «Пендемиз ғой» бағдарламасында ерінің түнгі тірлікке ебі жоқ екенін, екі жылдан бері жақындаспай жүргенін айтқан келіншек келді. Тағы бір жолы күйеуінен ажырасқан жас әйелге жүргізуші жігіт «Қыз емессіз бе?», «Қыздығыңыз жоқ па?», «Күйеуің жоқ па әлде ажырасқансың ба?», «Қыз емес екенсің, енді не істейсің?» деген сұрақтар жаудырды. Осыдан кейін залдағылар кейіпкерге «ақыл-кестерің» айтып, «пәктікті қолдан жасап алуға» шақырды.

Фейзбуктағы парақшасында: «Жеткен жеріміз осы ма? Рухани тозудың шегіне жеттік қой деймін. Бағдарлама соңында бұл жүргізуші кейіпкерінен «Етегіңді жігіттен басқа кім түрді?» деп сұрауды да ұмытпады. Міне, эротика! Сөзім жоқ!», – деген белгілі журналист Арман Жақыпұлы «Астарлы ақиқат» секілді бағдарламалар өміршен болып тұрған тұста рухани құндылықты сұраудың өзі артық екенін жеткізген еді. Журналистерге кәсіби әдептілікті қайта үйретіп, жауапкершілікті жүктейтін уақыт келген секілді. Әйтпесе, ақиқатты айтуға тиіс арналар ұлттық тамырымызға балта шабуын әлі де жалғастыра берері сөзсіз.



СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Дәнеш БАЙБОЛАТОВ, «Заң сөйлесін» бағдарламасының жүргізушісі:

– Жасыратыны жоқ, телевизияда жүрген өзім де, әріптестерім де рейтинг дейтін талапқа кіріптармыз. Ал қазір рейтингті қандай бағдарлама береді? Атыс-шабысты, біреудің жеке өмірінің интим тұстарын, тағы сондай «сұмдық шындық» деген айдар таққан дүниелерді берсең, рейтингің аспандап, басының алдында сүйкімді боласың. Сол себепті қазір біреудің лас иш киімін эфирде жууға әуестене бастадық. Сөйтіп жүріп, журналистиканың басты қағидаттарын, журналистиканың кодексінің талаптарын, тіпті оны былай қойғанда, жай адами этиканы аттап кетуді де ар санамайтын болдық. Бірақ бұл жерде ескеретін бір жайт бар. Оған соңғы күндері әлеуметтік желіні шулатып жатқан «Астарлы ақиқат» бағдарламасын, оның жүргізушісі һәм тақырыбын мысалға алайық. Бірнеше адамнан «біздегі журналистердің, журналистиканың деңгейі осындай» деген пікір естідім. Біріншіден, Дина Төлпебергелінің дәл қазір айналысып жатқан шаруасы таза журналистика емес. Ол инфотеймент бағытындағы ток-шоу жасауда. Қазір рейтингің жоғары болса, білгеніңді істей бер дейтін уақыт. БАҚ туралы заңды да, қабылданған журналист этикасы туралы кодекстің журналистке қойылған «қоғамның моральдық және этикалық қағидаттарының нығаюына ықпал ету» талаптарын да пысыққа бермейтініміз, тіпті ол туралы ойланып, бас ауырта бермейтініміз өткені емес. Екінші жағынан, Динаны бұл үшін бір жағынан жазғыруға да болмас. Әйтпекі, мұндай дүниені жасап жатқан жалғыз ол ғана емес. Дина – талантты медиа сатушы. Осындай дүниеге сұраныс бар жерде, ұсыныс туады. Сергей Довлатовтың «Біз Сталинді қараймыз және онымыз дұрыс та. Бірақ төрт миллион арызды кім жазды?» дейтін тамаша қанатты сөзі бар. Сол айтпақшы, бәріміз айтпаған бағдарламаны YouTube-тан көрген миллиондаған адам кім? Өзіміз ғой? Жабалысың, мынау сұмдық деп аламыз да өзіміз көрмей, асүйде отырып талқылаймыз. Мысалы, өзім жүргізетін, жетекшілік ететін «Заң сөйлесін» бағдарламасының әзірге YouTube арнасында ең көп қаралған жалғыз сюжеті – әйелін күйеуінің көзіне зорлаған қаскөйлер туралы детектив. Қаралымы ерты миллионнан асып кетті. Ал небір мықты заңгерден, құзырлы орган өкілдерінен ең өзекті құқықтық проблема туралы, оны шешу жолдары жайлы бар маңызды мағлұматты жинап, көрерменнің аузына шайнап берген керек деректі интернетте бір айда әрі кеткенде 5 мың адам көреді. Демек көрермен де түзелеуі, түзу ой іздеуі керек. Қазір ел телевизия көрмейтін болды, кергін интернеттен іздей салады. Не? Себебі интернет пен телеарнадағы өнімнің деңгейі бірдей-ақ болып қалды. Оған әлеуметтік желідегі цензураның, телеарна басшылығынан болатын кей шектеудің болмайтынын ескерсеңіз, әлеуметтік желідегі блогерлердің танымал болуының себебі түсінікті емес пе? Бірақ өз басым интернет, әлеуметтік желі, блогерлер телеарнаны алмастыра алмайды деп нық сенемін. Өйткені, әлеуметтік желідегі жекелеген блогерлер тележурналистикадағыдай ұжымдық жауапкершілік арқалай алмайды. Олардың дүниесі тек бір адамның субъективті ой-танымна, оның ішкі мәдениетіне тікелей тәуелді. Яғни, тележурналистиканың сапасы өссе, журналистика қағидаттары мен жалпы қоғамның мүддесіне сай пайдалы әрі салмақты өнімдер көбейсе, отандық телеарналар тәрбие құралына, мемлекеттің ұстанымы – құндылықтардың насихатшысына айналары сөзсіз. Ал ол үшін бірқатар күрделі мәселені шешу, оның ішінде рейтингтік бағалауды қайта қарау керек болады.

